



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 16 қазан

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 8 457 валюталық қарыз қайта қаржыландырылуға мақұлданды

Бағдарлама екі блоктан тұрады.

Бірінші блок 2004 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде қарыздар алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған.

Қазақстан Ұлттық Банкі көрсетілген қарыздарды қайта қаржыландыруға 130 млрд теңге бөлді.

2019 жылғы 10 қазандағы жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде револьверлік тетікті ескере отырып **169,2 млрд теңге** сомаға **27 406 қарыз** мақұлданды, **154,08 млрд** теңге сомаға **26 074 қарыз** қайта қаржыландырылды.

Бағдарламаның екінші блогы жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алған валюталық ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша теңгемен қайта қаржыландыруды көздейді.

2019 жылғы 10 қазандағы банктер **74,6 млрд** теңге сомаға **8 457 өтінімді** мақұлдады, **60,9 млрд** теңге **7 064 қарыз** қайта қаржыландырылды.

Қарыздың Бағдарлама талаптарына сәйкестігін айқындау үшін қарыз алушыларға кредитор банкке өтініш жасау қажет.

Өңірлерге және банктерге қатысты ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру туралы толығырақ ақпаратпен, сондай-ақ Өңірлерге және банктерге қатысты ақпаратпен «Банктердің ақшаны игеруі туралы ақпарат» бөліміндегі [сілтемесі бойынша](#) танысуға болады. Осы сілтеме бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің, екінші деңгейдегі банктердің аумақтық филиалдары халықпен Бағдарламаның талаптарын түсіндіру бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыратын қызметкерлерінің байланыс деректері орналастырылды.

Сұрақтар туындаған кезде қарыз алушыларға Қазақстан Ұлттық Банкінің және банктердің тиісті филиалдарына не олардың аумақтық қатыстылығына байланысты өтініш жасау қажет. Бағдарламаның талаптарымен Ұлттық Банк сайтының «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде танысуға болады.



ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

*2019 жылғы 10 қазандағы деректер

 **8 457** валюталық қарыз мақұлданды

БІРІНШІ БЛОК

револьверлік тетікті ескере отырып

 **27 406**
валюталық қарыз мақұлданды

 **26 074**
қарыз қайта қаржыландырылды

 **169,2**
млрд. теңге сомаға

 **154,08**
млрд. теңге сомаға

ЕКІНШІ БЛОК

валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру

 **8 457**
валюталық қарыз мақұлданды

 **7 064**
қарыз қайта қаржыландырылды

 **74,6**
млрд. теңге сомаға

 **60,9**
млрд. теңге сомаға

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (5665)

e-mail: fingramota@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz